

БЕКІТЕМІН
«Тайтөбе ауылының
ЖОББМ» КММ директоры
Г.С.Алиева *Г.С.Алиева*
«01» 09 2026 жыл

ДИРЕКТОРДЫҢ БЕЙІНДІК ОҚЫТУ ІСІ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫНЫҢ 2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЛАУАЗЫМДЫҚ НҮСҚАУЛЫҒЫ

Лауазымдық міндеттері:

- Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (МЖМБС) талаптарына сәйкес жоғары сыныптарда (10-11 сыныптар) бейіндік оқытуды және негізгі орта білім деңгейінде (7-9 сыныптар) бейіналды даярлықты ұйымдастырады.
- Бейіндік пәндер, қолданбалы және элективті курстар, факультативтер бойынша үлгілік және жұмыс оқу бағдарламаларының орындалуын үйлестіреді, мұғалімдердің қысқа мерзімді (ҚМЖ) және орта мерзімді (ОМЖ) жоспарларын тексереді, бекітуге ұсынады.
- Оқушылардың бейіндік бағыттарын (жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық және т.б.) таңдауына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді және кәсіби бағдар беру жұмыстарын ұйымдастырады.
- Жоғары оқу орындарымен (ЖОО), колледждермен, кәсіпорындармен және басқа да әлеуметтік серіктестермен оқушыларды кәсіптік бағдарлау мақсатында байланыс орнатады және ынтымақтастық меморандумдарын іске асырады.
- Ұлттық бірыңғай тестілеуге (ҰБТ) дайындық жұмыстарын жүйелі түрде жоспарлайды және ұйымдастырады. Пән мұғалімдерінің ҰБТ-ға дайындық сапасына бақылау жүргізеді, оқушылардың сынақ тестілеу қорытындыларына тұрақты мониторинг жасайды.
- «Bilim Class» (Білім класс) электронды журналында бейіндік оқытуға қатысты барлық ақпараттың (бейіндік пәндер, элективті курстар, мұғалімдерді бекіту, сабақ кестесі) уақтылы толтырылуын қадағалайды. Мұғалімдердің оқушылардың сабаққа қатысу есебін, БЖБ және ТЖБ қорытындыларын жүйеге қатесіз енгізуін қатаң бақылауда ұстайды.
- ҰБДҚ (Ұлттық білім беру деректер қоры) жүйесінде жоғары сынып оқушыларының бейіндік бағыттары мен элективті пәндері туралы деректердің толық әрі дұрыс толтырылуын бақылайды.
- Жоғары сыныптардағы оқу жүктемесін бақылайды, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтай отырып, бейіндік және вариативтік компонент пәндерінің сабақ кестесін жасайды (немесе жасалуына қатысады).
- Пәндер бойынша мектепішілік бақылауды ұйымдастырады, білім сапасын, БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдайды.
- Жоғары сынып оқушыларының аралық және қорытынды аттестаттауын (емтихандарын) нормативтік құжаттарға сай жоспарлайды, олардың әділ әрі ашық өткізілуін қадағалайды.
- Оқушылардың ғылыми жобаларға, пәндік олимпиадаларға қатысуын жоспарлайды және ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік ететін педагогтердің қызметін үйлестіреді.
- Педагогикалық кеңестердің, әдістемелік бірлестіктердің отырыстарына бейіндік оқыту, кәсіби бағдарлау және ҰБТ қорытындылары бойынша мәселелерді дайындайды.
- Мұғалімдердің бейіндік сабақтарына кері байланыс ұсына отырып қатысады, оқыту сапасына педагогикалық талдау жасайды.

- Оқу-тәрбие процесінде "Құндылықтарға негізделген білім беру" тұжырымдамасы мен «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жоғары сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып іске асырады.
- Педагогтер мен оқушылар арасында, әсіресе ҰБТ, емтихандар мен БЖБ/ТЖБ тапсыру кезінде академиялық адалдық қағидаттарын қатаң сақтауды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырады.

Білуге тиіс:

- Қазақстан Республикасының Конституциясын, Еңбек Кодексін, "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Бала құқықтары туралы" Заңдарын.
- Білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын (МЖМБС), үлгілік оқу бағдарламаларын.
- Қазақстан Республикасында бейіндік оқытуды ұйымдастыру, кәсіби бағдар беру және Ұлттық бірыңғай тестілеуді (ҰБТ) өткізу қағидалары мен нормативтік актілерін.
- Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын.
- Педагогика мен психология негіздерін, жасөспірімдер психологиясын, мектептану және білім беру жүйесін басқару менеджментін.
- «Bilim Class» электрондық журналы жүйесімен, ҰБДҚ базасымен және жоғары оқу орындарының ақпараттық-білім беру порталдарымен жұмыс істеу негіздері мен ережелерін.
- Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі қағидаларын, санитариялық қағидалар мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

- Тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім; педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.
- Білім беру ұйымы басшысы орынбасарының біліктілік санатының (үшінші, екінші немесе бірінші деңгейлі) болуы немесе "педагог-сарапшы", "педагог-зерттеуші" немесе "педагог-шебер" (мастер) біліктілік санатының болуы.

Таныстым:

Навденова Т. Н. Бабдеев

Ескертпе: Лауазымдық нұсқаулық ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығына (енгізілген соңғы өзгерістері мен толықтыруларын ескере отырып) сәйкес 2026-2027 оқу жылының талаптарына сай жасалды.